ИП “Innovation crew”
Түркістан облысы Отырар ауданы Ынтымақ 241
28.08.2026 ж.

Тапсырыс беруші мекеме: **"Түркістан облысы әкімі аппаратының "Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
№ 17452216-1 лотта жарияланған ашық конкурс
Лот нөмірі: 87176014-ОК1
Ашық конкурстың атауы: **Қабырғаға арналған 3D картаны жасау және орнату жұмыстары**
№ 17452216-ОК1 конкурстық хаттамасына шағым

Конкурс қорытындысына шағым Конкурстық өтінімдерді қарау барысында жеңімпаз болып танылған әлеуетті өнім берушінің ИП KAVALERIA және де ЖК "АМАНБАЙ ЗӘУРЕШ" техникалық сипаттамасы техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарды нақты ашып көрсетпей, тапсырыс берушінің мәтінін сөзбе-сөз қайталағанына назар аударамыз. Атап айтқанда, техникалық ерекшелікте «не менее 6-12 мм», «Обе карты должны быть оснащены светодиодный (LED) лентой теплого белого свечения», және басқа да талаптар көрсетілген. Жеңімпаздың техникалық сипаттамасында аталған талаптар өзгеріссіз көшіріліп берілген және нақты қандай материал, қандай өлшем, қандай қалыңдық қолданылатыны көрсетілмеген. «Кемінде» деген талап өнім берушінің нақты қандай көрсеткішпен жұмысты орындайтынын анықтауға мүмкіндік бермейді. Өнім беруші өз ұсынысында нақты техникалық параметрлерді көрсетуі тиіс еді. Алайда ұсынылған құжаттардан өнім берушінің қандай материалдарды, қандай өлшемдерді және қандай техникалық шешімдерді ұсынатынын анықтау мүмкін емес.Осылайша, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің ұсынысын бағалау кезінде нақты техникалық параметрлердің болмауына қарамастан оны талаптарға сәйкес деп таныған. Бұл ұсыныстың техникалық ерекшелік талаптарына нақты сәйкестігін объективті түрде бағалауға мүмкіндік бермейді.Осыған байланысты жеңімпаздың техникалық сипаттамасына құқықтық баға беруді, оның техникалық ұсынысының техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін қайта тексеруді және конкурс қорытындыларын қайта қарауды сұраймыз. Қосымша ретінде, жеңімпаз болып танылған әлеуетті өнім берушінің өтінімінде жұмыстарды орындауға қажетті арнайы техниканы пайдалану құқығын растайтын құжаттар толық ұсынылмағанына назар аударамыз.Атап айтқанда, жүргізу үшін (ГАЗ 3302-14) және (УАЗ 236324-034) маркалы жүк көлігінің өтінім құрамында аталған техниканы басқаруға құқық беретін тиісті құжат жүргізуші куәлігі, ұсынылмаған.Осыған байланысты әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстарының жеткіліктілігіне объективті бағалау жүргізілгеніне күмән туындайды.Конкурстық комиссиядан жеңімпаздың өтінімі құрамындағы құжаттардың толықтығы мен мемлекеттік сатып алу талаптарына сәйкестігін қайта тексеруді сұраймыз.

Директор
ИП Innovatıon crew **Тас Лес Уалиханұлы**